Созақ ауданының білім бөлімінің Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін
Мектеп-лицей директоры
_____М.Байс
2024-2025 оқу жылы

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру барысында 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының ЖОСПАРЫ

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: *Т.Қайдакешов*
А.Шарапов

2024 жыл

Scanned with CamScanner

МАЗМҰНЫ:

I Бөлім.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ***кешенді нұсқаулығы, негізі: Қазақстан*** *Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жыл 30 шілде №194 бұйрығы және 1 қосымша*
«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат
Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері

II Бөлім.
Өткен 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысының нәтижелі қорытындысы жайлы қысқаша мәлімет, ағымдағы жай – күйді талдау;

III.Бөлім

2024-2025 оқу жылында сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

IY. Бөлім

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жоспары. (Қазақстан *Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жыл 30 шілде №194 бұйрығы және 2 қосымша негізінде жасалды)*

Y. Бөлім
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, тәрбие үрдісін мектепшілік бақылау жұмыстары

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

І Бөлім.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жыл 30 шілде №194 бұйрығы

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы

Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (М.Медетбекова):

1) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын 2024-2025 оқу жылынан бастап республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізсін;

3) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғарғы оқу орындарын қоспағанда, ведомстволық бағыныста білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізсін (келісім бойынша).

3) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын» бекіту туралы № 294 бұйрығының күші жойылсын.

(1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;)

Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Кіріспе
1 бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
2 бөлім. Бағдарламаның әдіснамалық негіздері
3 бөлім. Бағдарламаның мазмұны
4 бөлім. Тәрбие бағдарламасын іске асыру

Кіріспе

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан –Адал азамат –Озық ойлы ұлт»үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Scanned with CamScanner

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлтболашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

1 бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Scanned with CamScanner

2 бөлім. Бағдарламаның әдіснамалық негізі

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етіп, білім алушылардың қоғамда табысты өмір сүруі үшін қажетті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиедегі құндылыққа бағдарланған тәсілдеме білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын және қоршаған әлемге деген көзқарасын анықтайтын құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негізделген. Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық білім алушылардың моральдық таңдауын, мінез-құлқы мен іс-әрекетін айқындайтын түйінді құндылықтар болып табылады. Түйінді құндылықтар Бағдарламаны іске асыру шеңберіндегі тәрбие мазмұнын айқындайды және білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз ету үшін білім беру мазмұнына кіріктіріледі. Түйінді құндылықтар пән мазмұнының, сыныпта және сыныптан тыс іс-шаралардың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Білім алушылардың бойында түйінді құндылықтарды қалыптастыру құзыреттілік тәсілдемесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

- ұлттық мүддені ілгерілету –Отанның дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуы;
- тиімді қарым-қатынас – басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату, түсіну, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортада инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ету, басқалармен ынтымақтастық орнату;
- қоғамға қызмет ету – этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу;
- азаматтық парыз – этикалық мінез-құлық нормаларын, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу және ұстану;
- инновациялық ойлау – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, кедергілерді еңсеру үшін жаңа дағдыларды игеру және болашақ бастамаларын табысты іске асыруда өз әлеуетін пайдаланутабандылық таныту;
- шығармашылық – идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті.

Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелерібір-бірін толықтырып, өмірлік сын-қатерлерге төтеп бере алатын және табысты әлеуметтенген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

3 бөлім. Бағдарлама мазмұны

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттарымен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- **Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;**
- **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;**
- **Қаңтар – заң және тәртіп айы;**

Scanned with CamScanner

- **Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» –ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну»–жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- «Күй күмбірі» –қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліскезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- Аптаның дәйексөздері–бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы,ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- **Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;**
- **Буллингтен қорған!**
- **Ойынға салауатты көзқарас;**
- **Өмірге салауатты қадам;**
- **Қоғамдық мүлікті қорға!**
- **Қауіпсіз қоғам.**

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.

Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтермен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.

«Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді,

Scanned with CamScanner

баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепішілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.

«Өмірге салауатты қадам»алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу,дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтымәселелерін талқылаубойынша іс-шаралар өткізуұсынылады.

«Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдениескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.

«Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізудіқамтиды.

Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашақорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).

Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

«Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

Сонымenқатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі»экочелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынамаәзірлеуге болады.

«Түлектердің ағаш егуі»экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілерінежазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі»шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауыбілім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

«Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

«Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

«Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.

«Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашық хаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

«Әншуақ»фестивалі #Әншуақ хэштегімен«TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

«Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

«Ұшқыр ой алаңы»– пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастырунегізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты

Scanned with CamScanner

зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

«Smartbala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді.Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесеталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

«Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.

«Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккросингіндебілім алушығақажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.

«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.

Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

4 бөлім. Бағдарламаны іске асыру

4.1 Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Білім беру ұйымы деңгейінде:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа бағдарланған тәрбиені жоспарлаудың тұтас тәсілін енгізу;
- сынып/кураторлық сағаттарды оқу-тәрбие процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықтау;
- бағдарлама құндылықтарына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын байыту (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқужылының басталуы мен аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);
- отбасы мен ынтымақтастықты нығайту;

күтілетін нәтижелерге сәйкес тәрбие жұмысына мектепішілік бақылауды жүйелі түрде жүргізу.

Педагогтер деңгейінде бағдарлама құндылықтарын оқу-тәрбие процесіне интеграциялаудың тиімді тәсілдерін талқыланатын педагогикалық орта құру;

Бағдарлама құндылықтарының сабақ мазмұнына үйлесімді интеграциялануын қамтамасыз ету (пәнаралық сабақтастық, оқу мақсатына сай мәтіндерді,тапсырмаларды құндылықтарға сәйкес таңдау);

Scanned with CamScanner

Жобалық жұмысты оқу-тәрбие процесіне біріктіру;

Сабақтан тыс қызмет түрлерін кеңейту (акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар мен мұражайларға бару, шақырылған стейк холдерлермен кездесулер және т. б.);

Отбасы мен ынтымақтастық деңгейінде ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға тарту(құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуымен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау); білім алушының даму динамикасын қадағалау және сапалы кері байланыс беру үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналыстарын (білім алушылармен бірлесіп жеке және топтық консультациялар, педагогикалық консилиумдар, тренингтер, семинарлар, ашықесік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ бөлмелері) өткізу;

ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиелеудің өзекті тақырыптары бойынша бірлескен іс-шараларды, ата-аналардың дәрістерін ұйымдастыру және жасөспірім білім алушылармен өзара іс-қимыл жасау арқылы арттыру.

4.2 Бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын құру:

білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету;

«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының түйінді құндылықтарын ескеріп, білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін этикалық нормаларды белгілеу;

барлық білім алушылардың әлеуетін дамытуға ықпал ететін инклюзивті орта құру;

педагогтер, білім алушылар мен ата-аналарнемесе заңды өкілдер арасында өзара сыйластық және тілектестік қарым-қатынас орнату;

ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушыларға жайлы жағдай жасау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының түйінді құндылықтарына сәйкес пәндік-кеңістікте шығармашылық пен жасампаздық ортасын қалыптастыру;

білім алушылардың бірлескен шығармашылық әрекетке дайындығын ескере отырып, олардың белсенді қатысуы үшін педагогикалық әдістерді тиімді қолдану;

білім алушылардың өз идеяларын, пікірлерін, тұжырымдарын білдіруге мүмкіндік жасау;

ата-аналармен ашық және жағымды қарым-қатынасты дамыту;

білім алушылардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейту үшін стейк холдерлермен ынтымақтастықты орнату және әрбір білім алушының тұлғалық дамуына, табыстылығына қолдау көрсету;

білім алушылардың әлеуметтік дамуына және олардың қоғам өміріне қатысуына бағытталған жобалар мен іс-шаралар жүйесін құру.

4.3 Бағдарламаны іске асыру алгоритмі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуМинистрлігінің бағдарламасын таныстыру үшін Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары жергілікті атқарушы орган басшыларының қатысуымен жиналыстар өткізеді;

Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын түсіндіру мақсатында білім басқармаларының тәрбие жұмысына жауапты мамандардан, өңірлердің оқу-әдістемелік орталықтарының әдіскерлерінен тұратын жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының мүшелері тәрбие жұмысына жетекшілік ететін қалалық, аудандық білім бөлімдерінің әдіскерлеріне семинарлар өткізеді;

Жұмыс тобы облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ерекшеліктеріне қарай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жоспарын әзірлейді;

Тәрбие жұмысына жетекшілік ететін қалалық (аудандық) білім бөлімдерінің әдіскерлері мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, бастауыш, негізгі орта, жалпы

орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұйымның педагогикалық кеңесіндеталдайды, соның негізінде білім беру ұйымының жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарын әзірлейді және бекітеді;

Білім басқармасының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуына тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

4.4 Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

1. Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрметкөрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген

Scanned with CamScanner

тұрақты қызығушылық;

Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

жағдаятты өз бетінше талдау, таңдау жасау және шешім қабылдау;

өз елінің тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен жетістіктері туралы кеңейтілген білімінің болуы;

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

елдегі және әлемдегі оқиғаларды объективті бағалау үшін ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу;

ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік тілді еркін меңгеру;

еңбек нарығындағы жоғары кәсіби дағдылар мен бәсекеге қабілеттілік;

Қазақстанның тәуелсіздігін халықаралық аренада аргументті қорғауға дайын болу.

2.Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағықарапайым мінез-құлық нормаларын білу;

басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;

ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;

ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;

басқа адамның сезімінжәне эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының

Scanned with CamScanner

түлегі:

басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалау және түзету;

өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіру;

ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істеу;

басқа (соның ішінде қарама-қарсы) идеялар мен пікірлерді қабылдау;

қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, жанжалды жағдайларды шешуде келісімге келу.

3.Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;

уәделерді орындай білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;

оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;

басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;

белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;

тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйым түлегі:

белгілі бір процестің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің теңдігін ескере отырып, өзінің және басқалардың әрекеттерін бағалау;

ортақ нәтижеге жетуде әрбір тапсырманың маңыздылығын түсіну, өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және мерзімінде орындау;

белгіленген стандарттарға, нормалар мен ережелерге сәйкес жұмыс істей білу, олардың орындалуын қамтамасыз ету;

өз жұмысының нәтижелері үшін жауап беруге, сын пікірді қабылдауға және түзетуге дайын болу;

тапсырмаларды жоспарға сәйкес сапалы және уақытылы орындау.

4.Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

Scanned with CamScanner

жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;

үлкендерді құрметтей білу;

үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілікмүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіру және білу;

алынған құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдаяттардышешуде дербес қолдана алу;

қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету;

жағдайларды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдер қабылдай алу қабілетінің болуы.

5.Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

үйде, топта қарапайым тапсырмалардыорындай білу;

үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;

жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;

жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Scanned with CamScanner

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне кол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

елдің, қоғамның дамуы үшін өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелері мен үлесін бағалау;

қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну;

отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызды әрекеттерге қатысу;

еңбек әрекетінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі дамытудың маңызын түсіну;

жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, одан әрі білім алуға және кәсіби қызмет нұсқаларын саналы түрде таңдауға дайын болу.

6.Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік:шығармашылық

Мектепке дейінгіұйымныңтүлегі:

Шығармашылық қиялмен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту;

сурет салу,мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы;

жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

Қоршаған әлемді зерттеу,сұрақтар қою,эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңаидеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс-жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығымен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өзшешімдерімен идеяларын ұсына білу;

Өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;

бақылау,өлшеу,эксперименттермен тәжірибелер жүргізу;

модельдеу,таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әр түрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

Scanned with CamScanner

оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешугеқолдана алу;

әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет,ақпараттық,цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы ортамектептүлегі:

Зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

Ақпаратты талдау және бағалау;

Жаңа идеяларды ұсыну;

Заманауи цифрлық құралдармен технологияларды меңгеру;

Мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асырубарысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, ғылыммен техниканың жетістіктері туралы білу;

ғылымның қоғам өміріндегі маңызы туралы түсінігін сауатты, дәлелді жеткізе білу;

себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық талдау элементтерін қолдана білу, неғұрлым күрделі нақты байланыстармен олардың тәуелділіктерін зерттей алу;

сыни ойлау,сенімді ғылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы идеяларды сыни талдай алу дағдыларының болуы;

фактілерді байқау, жинақтау және жүйелеу, жаратылыстану және гуманитарлық салаларында, зерттеу қызметінде тәжірибені түсіну.

Күтілетін нәтижелер оқу-тәрбие процесін іске асырудың тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін негіз болып табылады.

Scanned with CamScanner

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- **Тәуелсіздік және Отаншылдық**
- **Бірлік және Ынтымақ**
- **Әділдік және Жауапкершілік**
- **Заң және Тәртіп**
- **Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік**
- **Жасампаздық және Жаңашылдық**

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- **Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Қазан** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Қараша** – әділдік және жауапкершілік айы
- **Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы
- **Қаңтар** – заң және тәртіп айы
- **Ақпан** – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- **Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Мамыр** – бірлік пен ынтымақ айы

Әр айдың іс-шаралары

күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы,

Scanned with CamScanner

көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
• «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

жыл сайын:

• «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.
• «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.
• «Ақындар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткізу.

• Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.
• Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.
• «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).

Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар:

• «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Білім күнін өткізу

1 қыркүйекте «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: **«Мектебім – мейірім мекені!».**

Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Педагогтер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық пен жауапкершілік, бір-біріне сыйластық құндылықтарын дарытуға мән беруі қажет.

Салтанатты жиынға мектеп білім алушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып білім алушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңызды екендігіне назар аудару қажет.

Мыналарды:

• балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау;
• «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында

Scanned with CamScanner

оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау;

• заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану ұсынылады.

• Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектебім – мейірім мекені» республикалық челленджін өткізу ұсынылады.

• Бейнероликті орналастыру күні: 2024 жылғы 1 қыркүйек. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00. Хэштег: #Bilim_quni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

• барлығы үшін: «Мектебім, менің мектебім!», «Мектебім – мейірім мекені», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;

• бірінші сынып білім алушыларына: «Мектепке алғашқы қадам»;

• 2-4-сынып білім алушыларына: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім;

• 5-8-сынып білім алушылары үшін – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»;

• 9-11-сынып білім алушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»;

• 1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»;

• сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

Scanned with CamScanner

II Болім.

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының қорытынды нәтижесі, ағымдағы жай-күйді талдау есебі

2023-2024 оқу жылында 1-11сыныптар арасында 72 сынып комплектісі және мектеп алды даярлық тобы бойынша 6 топ , 1-4 сыныптар саны 31 сынып, 5-11 сыныптар 41 сынып жұмыс жасады.

2023 жылы тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін 86 оқушыға Республикалық бюджеттен, 4 оқушы демеушілер тарапын мектепке қажетті құрал жабдықтар және киім-кешекпен қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сынып оқушылар бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды.1-4 сыныпта ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны 599 оқушы.

Қыркүйек айында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды

2023-2024 оқу жылында, өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз –жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету,толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында 2023-2024 оқу жылында Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы негізінде тәрбие саласы бойынша жұмыстар **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін мына төмендегі жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.Жалпы адамзаттық

Scanned with CamScanner

және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген,әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында барлық сынып жетекшілерге **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жиналыс өткізіліп, хаттамасы жазылды.

Тәрбие саласы бойынша атқарылған іс-шаралар:

2023 жылы 23-31 тамыз аралығында 30-шы тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне орай іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара аясында кітапханада Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне орай арнайы бұрыш дайындалып, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні аясында «Ата заңым айбыным» тақырыбында ашық алаңы өткізілді. Ашық алаңын ұйымдастырып өткізген Тарих пәні бірлестігінің жетекшісі А.Батхиева және кітапханашы А.Құлатаева.

- 2023-2024 оқу жылының «1 қыркүйек Білім күні» аясында «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында алғашқы қоңырауға арналған салтанатты мектеп жиыны өткізілді. 1-11 сыныптар бойынша «Мектебім – мейірім мекені!» атты сынып сағаттарын өткізді. «1 қыркүйек Білім күніне» орай «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбындағы республикалық челленджі аясында сыныптар берілген тақырыптар бойынша бейнероликтер дайындап ақпарат желісіне жариялады;

- Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын насихаттау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында атқарылатын іс – шара жоспары жасалып жұмыстар жүргізілді.

- 8 қыркүйек күні «Тоғыз айға 9 іс шара» жобасы аясында «Дене сергіту» челенджі өтті;

- 4-8 қыркүйек аралығында А.Байтұрсынұлының туған күні және Қазақстан халқтарының тілдері күні мерекесіне орай, оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да, парасатты азамат болуға тәрбиелеу, тілге деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру мақсатында с-шаралар өткізілді;

- 26 қыркүйек күні оқушылардың бойына адалдық, рухани адамгершілік, адамдық асыл қасиеттерді ұялату мақсатында 10-11 сынып оқушыларымен адалдық сағаты өткізілді;

- 27 қыркүйек күні мектептің жылдық жоспарына сәйкес жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

- 1 қазан «Қарттар күні» мерекесін лайықты атап өту барысында атқарылатын іс-шаралар өткізілді;

- 5 қазан «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Ұстазыма мың алғыс!» атты мерекелік іс-шара өткізілді;

- 2023 жылы 13 қазан күні ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларының қыздары арасында «Күз аруы-2023» арулар байқауын өткізудің іс-шара өткізілді;

- 23 қазан күні мектеп кітапханасында «Балалар әдебиеті-ғажайып әлем» тақырыбында түрлі көрме ұйымдастырылып оқушыларға көрсетілді;

Scanned with CamScanner

- Ұлттық мереке 25 Қазан- Республика күнін атап өтуге арналған «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбындағы іс-шара жоспары.

- 2023 жылы 23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс шара» жобасы аясында «ӘНҰРАН ОРЫНДАУ» уақыты өткізілді;

- 2023 жылы қазан айында мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін анықтау мақсатында сайлай өткізілді;

- 23-27 қазан аралығында «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында мамандық таңдау кеші өткізілді;

-30.10.2023-05.11.2023 аралығында оқушылардың күзгі демалысын тиімді өткізу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді;

- 20-21 қараша «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында 1-4,5-9 сыныптар арасында ата-аналардың «Ашық есік» күндерін ұйымдастырылды.

-17 қараша күні тоғыз айға тоғыз іс-шара жобасы аясында «Асық ату» ЧЕЛЛЕНДЖІ өткізілді;

-24 қараша Тарихи сахналық қойылымдар байқау 8-10 сыныптар арасында байқау ұйымдастырлып өткізілді;

- 4-8 желтоқсан аралығында «Отбасы–тәрбиенің Алтын бесігі» тақырыбында 1-4 сыныптар бойынша отбасылық ата-аналар байқауы өткізілді;

-11-15 желтоқсан«Тәуелсіздік тұғырым» 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді;

-13 желтоқсан күні, тоғыз айға, тоғыз іс-шара жобасы аясында «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі өткізілді;

-26-27-28 желтоқсан күндері «Жаңа жыл» мерееқсіне орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

-29.12.2023-07.01.2024 жылы аралығында оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу мақсатында іс-шара жасап, іс-шара жұмыстарын ұйымдастырылып өткізілді;

-2024 жылы15-19 қантар аралығында 1-4 сынып оқушылары арасында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында қалдықтардан жасалған бұйымдар көрмесі ұйымдастырылып өткізілді;

-22-26 қаңтар аралығында Әскери бөлімдермен мекемелерге «Ашық есік» күндері ұйымдастырылып 9-11 сынып оқушылары әр мекеменің тыныс-тіршілігімен, жұмысымен танысып қайтты;

-26 қаңтар күні, тоғыз айға, тоғыз іс-шара аясында «Қазақ есебі» ЧЕЛЛЕНДЖІ өткізілді;

-29-31 қаңтар күндері «Ұлы өнер тапқыштыққа алғашқы қадам» еңбегі адал жас өрен жобасы аясында 7-11 сыныптар арасында байқау өткізілді;

-5-9 ақпан аралығында Абайдың«Толық адам ілімі», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 8-11 сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылып өткізілді;

-15 ақпан күні « Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі » тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді;

-12-16 ақпан аралығында «Тарихқа тағзым» тақырыбы аясында 10 сыныптар арасында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесі және әскери спорттық сайыс өткізілді;

-26-29 ақпан аралығында «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап»,«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 9-11 сыныптарда сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді;

Scanned with CamScanner

-1 наурыз-Алғыс айту күні мерекесі аясында «Алғыс айту-парызым!» атты іс-шара ұйымдастырылып, іс-шараға 1-11 оқушылары қатыстырылды;

-4-8 наурыз аралығында 8 наурыз- Халықаралық әйелдер күні мерекесі аясында «Ана-өмірдің шуағы» атты мерекелік іс-шара өткізілді;

-4-8 наурыз аралығында«Жарық ете қалсам,найзағай болып...», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 9-11 сыныптар арасында «Үздік оқырман » байқауын өткізілді;

-13-17 наурыз аралығында, тоғыз айға, тоғыз іс-шара аясында тоғыз айға, тоғыз іс-шара аясында «Күй күмбірі» домбырашылар ЧЕЛЛЕНДЖІ ұйымдастырылып өткізілді;

-16 наурыз күні мектеп бітіруші 11 сыныптың ата-аналарына ата-аналар жиналысы өткізілді;

-13-21 наурыз аралығында 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күні-Әз Наурыз мерекесіне орай «Ұлыстың Ұлы күні-Әз Наурыз » атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді жастарға дәріптеу;

-21-31 наурыз Оқушылардың көктемгі демалысын тиімді өткізу мақсатында іс-шара жасап, іс-шара жұмыстары өз дәрежесінде өткізілді;

-«Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында көктем айларында мектеп ауласына, мектеп жанындағы көшелерге сенбіліктер жүргізілді, мектеп аласына тал көшеттері, гүлдер отырғызылды;

-2024 жылы 10 сәуір күні адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, зияткерлік құндылықтарға негізделген тәрбие беру мақсатында «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла!» тақырыбында қолөнер көрмесі ұйымдастырылды;

-2024 жылдың 5 сәуір күні «Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз» атты өнер фестиваліне оқушыларды дайындап, өткізудің іс-шара жоспары жасалып өз дәрежесінде өткізілді;

-2024 жылдың 24-26 сәуір күндері «Жыл мұғалімі-2024» және «Үздік сынып жетекші» байқауларын ұйымдастырып өткізілді;

-28 сәуір-Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізудің іс-шара жоспары жасалып, өткізілді;

-2024 жылдың 10 сәуір мен 11 мамыры аралығында «Таза Қазақстан. Түркістан-тазалық пен тәртіптің үлгісі» тақырыбындағы экологиялық акциясы аясында атқарылатын іс-шаралар жоспары жасалып, сенбіліктер өткізілді;

-Оқушыларды мейірімділікке, табиғатты аялай білуге үйрету мақсатында «Жасыл мектеп» атты акция ұйымдастырылды.

-12 сәуір- Ғылым мен Космонавтика күніне орай «Ұлы өнер табысқа алғашқы қадам» атты 7- 11 сынып білім алушылардың зияткерлік қабілетін дамыту мақсатында «Шахмат ойнау челленджі» өткізілді.

-29-30 сәуір күндері 1 мамыр Қазақстан Халықтар бірлігі күні «Ұлттық билер» шеруі, «Қазақстан сан ұлттар мекені» тақырыбында сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді;

-6-10 мамыр аралығында 7 мамыр Отан қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күні мерекесіне орай сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді;

-13-17 мамыр аралығында, тоғыз айға, тоғыз іс-шара жобасы аясында 1-11 сынып оқушыларымен «Жасыл мектеп» челленджі өтілді.

Scanned with CamScanner

-2024 жылдың 25 мамыр «Мектебім, саған мың алғыс!» атты мектеп бітірушілердің соңғы қоңырауға арналған салтанатты мектеп жиыны өз дәрежесінде өткізілді;

-31мамыр- Саяси қуғын- сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу (9-11 сынып, фильмдер мен кітаптарды талқылау) дөңгелекк үстел өткізілді.

-1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні аясында «Балажан: ата-аналардың еріктілік қызметі» науқанын ұйымдастырудың іс-шаралар жоспары аясында жұмыстар жүргізілді;

- 4 маусым Мемлекеттік Рәміздер күніне орай іс-шара ұйымдастырылып , аудандық іс-шараға жастарды қатыстыру жұмыстары жүргізілді;

- «26- маусым Халықаралық нашақорлықпен және есірткі бизнесінің айналымына қарсы күрес күніне » орай айлық іс-шаралар аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары аясында жұмыстар жүргізілді;

-2024 жылдың 14 маусым күні «Жолың болсын, Жас түлек!» тақырыбында 11 сыныпты бітіруші түлектерге жалпы орта білімі туралы аттестат тапсыруға арналған салтанатты жиыны өткізілді;

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы » аясында тәрбие құндылықтарының бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылының I-II-ші жарты жылдықта өткізілетін ашық тәрбие сағаттары бойынша жоспары жасалып, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығы мен «Даналық мектебі» клубының жылдық жоспары негізінде және жалпы ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құрып, жүйелі жұмыстар жүргізу туралы жоспары жасалып, бұйрығы шығарылып, 1-4,5-9 және 10-11 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы сыныптар бойынша жасап бекітіліп, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

«Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары жасалып, бұйрығы бекітілді. «Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларының жұмысын ұйымдастырып жүзеге асыру «Әкелер мектебі» кеңесінің төрағасы Б.Жандаулетов ата-ана (келісімі бойынша), «Ұлдар кеңесі» төрағасы Е.Төкенов және «Қыздар кеңесі» төрайымы Л.Ескендирова «Даналық мектебі» клубының жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізді.

Мектептің жалпы ата-аналар кеңесінің жұмыс жоспары негізінде 2023 жылы 27 қыркүйек күні мектептің жылдық жоспарына сәйкес жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

2024 жылы 15 ақпан күні « Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі » тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді;

2024 жылы16 наурыз күні мектеп бітіруші 11 сыныптың ата-аналарына ата-аналар жиналысы өткізілді;

2024 жылдың 16 мамыр күні мектеп бітіруші 11 сыныптың ата-аналарына балалардың қауіпсіздігін сақтау, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу және 2023-2024 оқу жылын қорытындылау туралы әдістемелік ұсынымдарды таныстыру мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Scanned with CamScanner

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының және «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары бойынша өткізілген іс-шаралар, ата-аналар жиналысының хаттамалары толық жинақталып, ақпарат желісіне жарияланған.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар:

2023 жылдың 19 қыркүйек күні 1-4, 5-7, 8-11 сынып оқушыларына 2023-2024 оқу жылының басталуына орай жолда жүру ережелерін сақтау,мектептің ішкі тәртібі мен және құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысты мектеп-лицейінің Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Дүйсен Нұрсұлтан Көпбайұлы жүргізді.

2023 жылдың 17 қазан күні 10-11 сынып оқушыларына «Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықбұзушылыққа бармайтын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, лудомания, кибербулниг және бопсалаудың алдын лау» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа Созақ аудандық АПБ-нің басшысының орынбасары полиция подполковнигі Ержан Нұрғазиев және Мектеп-лицейінің Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция
аға лейтенанты Дүйсен Нұрсұлтан Көпбайұлы қатысты.

2023 жылдың 9 қараша күні сынып бойынша оқушыларға «Зорлық-зомбылықсыз, балалық шақ» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа
Созақ аудандық АПБ-нің ӘЗЗ инспекторы полиция майоры Манапова Айжан және мектеп инспекторлары қатысты.

2023 жылдың 13 қараша күні 8-11 сыныптың ұлдарына құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жиналыс өткізілді.Жиналысқа
Мектеп-лицейінің Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция капитаны Е.Сайлаубек, Созақ АПБ-нің аға криминалист полиция майоры А.Көзжанов және Созақ АПБ-нің аға криминалист полиция аға лейтенанты
Д.Назарбек

2023 жылдың 23 қараша күні аудандық полиция бөлімінің салааралық мамандарының қатысуымен 10-11 сыныптың ұлдарына құқық бұзушылықтың және әлімжеттіктің алдын-алу бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысқа қатысқан мектеп-лицейінің Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция капитаны Е.Сайлаубек және Созақ АПБ УҰИ бастығы полиция капитаны Б.Омарбеков қатысты.

2023 жылдың 22 желтоқсан күні жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар аясында оқушылар арасында мектептің ішкі тәртібі және құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары бойынша жиналыс өткізілді. жиналысқа мектеп-лицейінің инспекторы полиция капитаны Е.Сайлаубек және Созақ АПБ-нің полиция майоры Н.Қасымов қатысты.

2024 жылдың 9 қаңтар күні 8-11 сынып оқушылары арасында мектептің ішкі тәртібі және құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп-лицейінің Учаскелік
полиция инспекторы АІІБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Е.Сайлаубек және Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция сержанты Д.Тамабайұлы қатысты.

2024 жылдың 17 қаңтар күні 9-11 сынып оқушыларына құқықтық оқыту бойынша «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың панасыз қалуының алдын алу» және «Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп-лицейінің Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ

Scanned with CamScanner

полиция капитаны Е.Сайлаубек және Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция сержанты Д.Тамабайұлы қатысты.

2024 жылдың 30 қаңтар күні 6-7 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтардың алдын алу және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөнінде оқушыларға түсіндіру мақсатында жиналыс өткізілді. Жиналысқа Созақ ауданының прокуратурасының прокуроры Е.А.Алшынбеков және мектеп-лицейінің Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Е.Сайлаубек қатысты.

2024 жылдың 6 ақпан күні 8-11 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөнінде оқушыларға түсіндіру мақсатында жиналыс өткізілді. Жиналысқа Созақ АПБ бастығының орынбасары полиция капитаны Таңатар Әбдраймов, Учаскелік полиция инспекторы АІІБ ЖПХ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Дүйсен Нұрсұлтан Көпбайұлы және Созақ АПБ криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Сабит Турамухамед қатысты.

2024 жылдың 20 наурыз күні 8-11 сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандармен және оларға қатысты жасалатын жалпы қылмыстың , құқық бұзушылықтардың, алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Уалиева Рахат және Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ қызметкерлері қатысты.

2024 жылдың 16 сәуір күні оқушылар арасында әлімжеттікті болдырмау, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары және көктемнің сәуір- мамыр айларында тауға,табиғат аясына оқушылардың өз еркімен саяхатқа шығуға болмайтыны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысқа Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Дүйсен Нұрсұлтан Көпбайұлы және Созақ АІІБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Д.Тамабайұлы қатысты.

2024 жылдың 16 мамыр күні сағат 12:00-де, мектеп бітіруші 11 сыныптың ата-аналарына балалар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу және 2023-2024 оқу жылын қорытындылау туралы әдістемелік ұсынымдарды таныстыру мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа ата-аналар кеңесінің мүшесі И.Назарова және мектеп инспекторы Өскен Еркебұлан Бактиярулы қатысты.

Мектептегі үйірме жұмыстары:

2023-2024 оқу жылында оқушылардың сыныптан тыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында жіне пәнге деген қызығушылықтарын арттыру барысында 9 ақылы және ақысыз 38 үйірме жұмыс жүргізді.

Оқушылардың 70 пайыздан астамы үйірмелерге қамтылды.

Ақылы үйірмелер мына төмендегілер:

1. «Сиқырлы қылқалам» үйірмесі (0,5)
2. «Өсімдік-өмір кілті»үйірмесі (1)
3. «Көркемдік құрастыру, дизайн өнері» үйірмесі (0,5)
4. «Баскетбол» үйірмесі (0,5)
5. «Футбол » үйірмесі (0,5)
6. «Теннис » үйірмесі (0,5)
7. «Шахмат» үйірмесі (0,5)
8. «Баскетбол» үйірмесі (0,5)
9. «Волейбол» үйірмесі (0,5)

Scanned with CamScanner

Үйірме жетекшілері 2023-2024 оқу жылында үйірме жұмысының жоспары негізінде жүйелі жұмыстар жүргізді.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы:

2024 жылы оқушылардың жазғы демалысында 11 оқушы «Қазақстан халқы, қоры есебінен» «Машат Арасан» лагеріне барып келді. Жазғы демалыс уақытында 67 оқушы «Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен» қала сыртындағы «Біркөлік» бөктеріндегі лагерге демалып келді.

Мектеп жанындағы жазғы сауықтандыру лагерге 280 оқушы қамтылды.

Сынып жетекшілердің біліктілігін арттыру жұмыстары бойынша:

2023-2024 оқу жылында 7 сынып жетекші, жетекшілік біліктілік арттыру курсына қатысты, 2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілік біліктілік арттыру курсына сынып жетекшілерді қатыстыру жұмыстары жүргізіледі.

Есепке алынған оқушылар туралы:

2023-2024 оқу жылында 5 оқушы есепке алынып, 2 оқушы сәуір айында, үш оқушы маусым айында профилактикалық кеңестің шешімімен есептен шығарылды. Аудандық полицияның есебінде тұратын оқушы жоқ.

2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар барысында өз дәрежесінде жүргізілмеген жұмыстар мына төмендегідей:

- Мектептегі кезекшілік жұмыстар
- «Өзін-өзі» басқару ұйымының жұмыстары
- Дебат клубтарының жұмыстары
- Оқушылардың ішкі тәртібі мен сыныптар бойынша мектепішілік кезекшіліктің өз дәрежесінде жүргізілмеуі

2024-2025 оқу жылында жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында жұмыс жоспары жасалып, жүйелі жұмыстардың жүргізілуі басты назарға алынсын.

Scanned with CamScanner

III Бөлім.

2024-2025 оқу жылында сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

АТАУЛЫ КҮНДЕР

• Түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің туғанына 995 жыл (1029-1101)
• Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының туғанына 840 жыл (1184-1227)
• Жошы ұлысына 800 жыл (1224)
• Қазақ ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл (1445-1521)
• Тарихшы, философ Мұхаммед Хайдар Дулати туғанына 525 жыл (1499-1561)
• Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл (1804-1846)
• Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына135 жыл (1889-1938)
• Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (1924-1988)
• Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына130 жыл (1894-1943)
• Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995)
• Қазақ тілтанушысы, филология ғылымдарының докторы Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызының туғанына 100 жыл (17.08.1924–04.07.2020)
• Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924–08.08.1998)
• Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924–1992).
• Қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровтың туғанына 100 жыл
• Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына130 жыл (1894–1938)
• Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894–1939)
• Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894–25.02.1938)
• Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894–26.02.1938)
• Әдебиеттанушы Телжан Шонановтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
• Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915–6.05.1966)
• Ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл (20.03.1935).
• Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының туғанына 80 жыл (1.05.1945–2014).

Scanned with CamScanner

IY.Бөлім

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында дүйсенбі күні бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- Әр аптаның дүйсенбі күні, үлкен үзілісте жектеп жиыны өткізіледі
- Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
Тамыз			
Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды дайындауға бағытталған «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру	Акция	Т.Қайдакешов А.Шарапов Қ.Атажанова	10-31.08. 2024 жыл
30-шы тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастыру	Іс-шара	Т.Қайдакешов А.Шарапов	26-29.08.2024
2024-2025 оқу жылына 29 тамыз күні 2-10 сынып оқушыларына оқу жылына бағдарлау сабақтарын өткізу	Бағдарлау сабақтары	2-10 сыныптың жетекшілер	29.08.2024
1 қыркүйек Білім күні мерекесі аясында «Мектебім- мейірім мекені!» тақырыбында өткізілетін алғашқы қоңырауға арналған салтанатты жиынға дайындық жұмыстарын жүргізу	Дайындық жұмыстары	Т.Қайдакешов А.Шарапов Г.Бабаева 1, 11 сыныптың жетекшілері	29-31.08. 2024

Scanned with CamScanner

	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
	Қыркүйек			
	Қыркүйек - еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы **1 қыркүйек – «Білім күні»** **5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні** **Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні** **Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні** **Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні**			
	Білім күні. «Алғашқы қоңырау» салтанатты мектеп жиынын өткізу «Мектеп – мейірім мекені!»	Салтанатты іс-шара, ақпарат желісіне жариялау	Т.Қайдакешов А.Шарапов Г.Бабаева Сынып жетекшілер	1.09.2024 жыл
	«Менің Отаным-Қазақстан!», «Менің Отаным-Қазақстан!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**сынып сағаты**	сынып жетекшілері	1 апта
	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған іс-шара	В.Әлімбекова Қазақ тілі пәні бірлестігі	2-6.09.2024
	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	Сыныптың ата-аналар жиналысы	сынып жетекшілер	
	«Нәзір Төреқұловтың өмір жолы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілер	2 апта
	Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушыларға жиналыс өткізуді ұйымдастыру	Жиналыс өткізу	А.Шарапов Т.Қайдакешов Мектеп инспекторы	9-13.09.2024
7	Сұлтанбек Қожановтың 130 жылдығына орай «Ұлтын ұлықтаған қайраткер» тақырыбында ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастырып өткізу (Ақпарат желісіне жариялау)	ғылыми-теориялық конференция	А.Батқиева Тарих пәні бірлестігі	
8	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	Отбасы күніне арналған челлендж	Тәлімгер,сынып жетекшілер	
9	Буллингтен қорған Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілер	3 апта
10	Оқушылардың өмірге деген қызығушылығын анықтау Психологиялық треникtер 1-4,5-11 сыныптар бойынша	Психологиялық треникtер Сыныптар бойынша	Г.Аманбекова М.Қонақбаева	16-20.09.2024
11	«Қоғамдық мүлікті қорға» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған **сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	4 апта
12	«Еңбек етсең, мамандықтың бәрі жақсы» 9-11 сынып оқушыларына мамандықтар бойынша бағыт-бағдар беру	Мамандық таңдау кешін өткізу	И.Садикова Сынып жетекшілер	23-27.09.2024

Scanned with CamScanner

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Қазан				
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан– Кітапханашылар күні 25 Қазан–Республика күні				
1	«Ұстаз ұлы тұлға» Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Жалпы мектепішілік волонтерлық акциясы	Тәдімгер «Жастар» ұйымы, сынып жетекшілер	
3	«Даналық ұстаздан» мектепішілік іс-шара,челленджі	Мұғалімдер күніне арналған іс-шара, челлендж	Тәлімгер,сынып жетекшілер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	
4	1 қазан «Қарттар күніне» орай «Қарттарым- асыл қазынам» 1-11 сыныптар арасында іс-шара	Сыныптан тыс іс-шара ,әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер Сынып жетекшілер	30.09- 04.10.2024
5	Ойынға салауатты көзқарас	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Т.Қайдакешов А.Шарапов Сынып жетекшілер Мектеп нспекторы	
6	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	2 апта
7	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері	
8	«Күз аруы -2024» 9-11 сыныптар арасында	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, кеш сценарии Әлеуметтік желіге жариялау	Тәлімгер «Жастар» ұйымы «Өзін-өзі басқару» ұйымы Сынып жетекшілер	07-11.10.2024
9	Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыс өткізу	Жиналыс , ақпарат желісіне жариялау	А.Шарапов Т.Қайдакешов Мектеп нспекторы	
10	«Ойынға салауатты көзқарас» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	3 апта
11	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	
12	Мектеп парламентінің президентін сайлауын ұйымдастырып өткізу	Сайлау өткізу, ақпарат желісіне жариялау	Тәлімгер «Жастар ұйымы»	14-18.10.2024
13	«Ақындар айтысы» - Республика күні мерекесіне орай оқушылар арасында жас ақындар айтысын ұйымдастыру	Мектепішілк іс-шара, ақпарат желісіне жариялау	В.Әлімбекова Қазақ тілі пәні бірлестігі	
14	Республикам – мақтанышым! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара/**сынып сағаты**	Т.Қайдакешов А.Шарапов сынып жетекшілер, тәлімгер	4 апта
15	Демалыста кітап оқимыз	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	А.Құлатаева Сынып жетекшілер	21-25.10.2024
16	Мектептің жалпы ата-аналар жиналысын өткізу -ата-аналар құрамын бекіту - ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыру жұмыстары	Хаттама	Т.Қайдакешов А.Шарапов Сынып жетекшілер	
17	Оқушылардың күзгі демалысы	Демалыс күндрді тиімді өткізу барысында іс-шаралар өткізу	Т.Қайдакешов А.Шарапов Сынып жетекшілер	28.10- 03.11.2024

Scanned with CamScanner

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
	Қараша			
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні** **16 қараша–Халықаралық толеранттылық күні**				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Мектеп театры Тарихи сахналық қойылымдар байқау	Театр қойылымы	Тәлімгер А.Батқиева тарих пәні бірлестігі, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы сынып жетекшілер	04-08.11.2024
3	Оқушылар арасында психологиялық қызметтің мазмұны мен мақсаттары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу -Зорлық-зомбылық туралы -Буллинг түрлері **5-7, 8-11 сыныптар арасында**	Анықтама	Г.Аманбекова М.Қонақбаева Сынып жетекшілер	
4	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	2 апта
5	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік білім сайысы	Зияткерлік білім сайысы	Т.Ахатаева	
6	Бала құқықтарын қорғау мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» **5-7, 8-11 сыныптар арасында жиналыс**	Хаттама әлеуметтік желіге жариялау	Т.Қайдакешов А.Шарапов Мектеп инспекторы	11-15.11.2024
7	«Толеранттылық- бейбітшілік кепілі»	Жиналыс	Т.Қайдакешов А.Шарапов Теолог маман (келісімі бойынша)	
8	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілер	3 апата
9	«Startup» байқауы	Байқау	Тәлімгер, сынып жетекшілері мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы	18-22.11.2024
10	«Ерте жүктіліктің »алдын-алу **8-11 сыныптар арасында жиналыс**	Хаттама	Г.Аманбекова Л.Ескендирова Сынып жетекшілер	
11	Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілер	4 апта
12	Өмірге салауатты қадам	Спорттық іс-шара	А.Шарапов Ә,Атажанов	
13	Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы дүние танымды қалыптастыруға Бағытталған «Адал ұрпақ»клубының жұмысы ***7-11 сыныптар арасында***	«Адал ұрпақ»клубының жұмысының ережесі	Тәлімгер Сынып жетекшілер	25-29.11.2024

Scanned with CamScanner

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
	Желтоқсан			
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан–Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	
3	«Баланың өмірге деген көз қарасы» Сыныптан тыс іс-шара 8-11 сыныптар арасында тренинктер	Ақпарат желісіне жариялау	Г.Аманбекова М.Қонақбаенва Сынып жетекшілер	2-6.12.2024
4	Дүниежүзілік Еріктілер күніне орай «Еріктілер-жаны таза адамдар» тақырыбында акция өткізу	Қайрымдылық акциясын өткізу	Тәлімгер «Жастар» ұйымы «Өзін-өзі басқару» ұйымы	
5	«Тәуелсіз елім Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілер	2 апта
6	«Тәуелсіздік тұғырым» 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні **Сыныптан тыс іс-шара 1-11 сыныптар**	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары Ақпарат желісіне жариялау	Т.Қайдакешов А.Шарпов Тәлімгер Сынып жетекшілер	
7	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	9-13.12.2024
8	Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жиналыс өткізу	Хаттама, Ақпарат желісіне жариялау	Т.Қайдакешов А.Шарапов Мектеп инспекторы	
9	**Буллингтен қорған!** **Қауіпсіздік сабағы (10 минут)**	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілер	3 апта
10	Ойынға салауатты көзқарас	Алдыналу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы)	Т.Қайдакешов А.Шарапов Мектеп инспекторы	16-20.12.2024
11	Балалар кітапханасы	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Сынып жетекшілері	
12	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	**Сынып сағаты**	Сынып жетекшілері	4 апта
